МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ MANGISTAUMUNAIGAZ
ҚазМұнайГаз CNPC

# Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

www.mmg.kz

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№06 (93), маусым-шілде, 2017 жыл

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ЭКСПО МҰНАЙШЫЛАР КӨЗІМЕН...




**Көк жәшіктен күнде көретін Астананың көркіне көз тояр емес. Мәртебелі меймандарды қарсы алып, күллі құрлықтың көзі түскен Елордамыз бүгінде сылқым қыздай сыланып, түрленіп барады. Мұхит асып жеткен мейман да осында, Маңғыстаудан жеткен мұнайшылар да осында. Астанаға ағылған ағайынның "әп" дегеннен айтар сөзі бұл. Асқақ Астананың сұлулығына биіктен сұқтануға мүмкіндік алған мұнайшылар үшін бөріктерін аспанға атқан күн болды. Қуанбағанда қайтеді?!..**

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы ЭКСПО көрмесіне 1500 мұнайшы мен 2000 балаға тарихи сәттің куәсі болу бақытын сыйлады. Ауқымды шараны өткізуге мүмкіндік алған Астананың абыройы тасып, мәртебесі асса – мұнайшылардың маңдай тері, ерен ерлігі жатыр деп біліңіз. Өйткені, ел қазынасына қара алтын құйған мұнайшылар осылайша елдік іске атсалысып келді.**

Көрмеде өнертапқыштар озық жобаларын жұрт назарына ұсынып, жаһандық жетістіктерін паш етті. Осы ретте көрмеге барып, өзге елдің тәжірибесін көріп қайтқан әріптестерімізді әңгімеге тартқан едік.

**Абай Сарыбаев, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ластанған топырақты жинау және тазалау учаскесінің шебері:**

–Астана қаласына сапарымыз өте сәтті, қызықты әрі әсерлі болды. Кең орнында күнделікті қайталанатын жұмысымыздан бір сәт сергіп, көрмені көріп келдік. Басшылығымыз жол шығыны, қонақүй, қала ішіне саяхаттау, көрмені тамашалау сынды қажеттіліктерімізбен қамтамасыз етті. Қалашықтағы ерекше назарыңды аударатын шар тәріздес «Нұр әлем» ғимаратынан бастап, көптеген елдердің павильондарын аралап, көріп, көкейге ой түйіп шықтық. Мені экономикасы мұнайға тәуелді мемлекеттердің озық үлгідегі технологиялары мен құрал-жабдықтары қатты қызықтырды. Жетібай мен Қаламқастағы кенорындарында соңғы жылдары заманауи технологиялар қолданысқа қарқынды енгізіліп жатқандықтан бұл туралы мамандардан ақпараттар алдым. Барша маңғыстаулықтар ЭКСПО көрмесін тамашалауға кеңес беремін.

**Оңайхан Нұрғалиева, адам ресурстарын басқару және әлеуметтік саясат департаментінің маманы:**

– ЭКСПО қалашығына баратын әріптестеріме ең алдымен Австрия павильонына баруға кеңес беремін. Аурасы сондай жақсы. Энергияны өндіретін - адамдар. Тек келушілердің күшімен энергия өндіріледі. Алып қуат машинасы түрлі ойындар арқылы қозғалады. Әр қадам басқан сайын жаңа дүниемен танысасыз. Қызықты мәліметтер өз алдына. Мәселен, велосипедке отырып бәрі бірдей қозғалыста айдаса, ұлы композитор Штраус, Моцарттардың симфониясын тыңдай аласыз. Бір жағынан қарағанда "бірлік болмай, тірлік болмас" деген қазақтың мақалын еске түсіреді.

(Жалғасы 2-3 бетте)



(Соңы. Басы 1-бетте)

# ЭКСПО МҰНАЙШЫЛАР




**Баян Ешман, бизнес жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің 1-дәрежелі экономисі:**

– Келген жұртқа сансыз сыйлық таратқан бірден-бір павильон Тайланд павильоны болды. Әсіресе, сапарда жүрген адамға ең керегі қалта қуаттағышы бар. "Орамал тон болмайды, жол болады" деген ниетпен иыққа асатын сөмкелерімен қатар таза жібек орамалдарын таратқан Тайланд қыздарының жылы жүздері ерекше есте қалды. Ең ең деген интерактивті визуалды технологияларының көмегімен тай боксынан көріністер, Тайланд дәстүрі мен көрікті жерлерін көрсетті.

**Нұртас Қиынов, геология және кен орындарын игеру департаментінің жетекші геологы:**

– «Кез келген нәрседен энергия алуға болады» дейді швейцарлықтар. Олар картоптың қалдығын ыдысқа салып, зауытқа жібереді. Арнайы қондырғыда картоптан биогаз өндіріледі. Сондықтан биогазбен жүретін автобустар бұл елде аса танымал. 100 келі картоп қабығынан өндіріліп алынған қуат 150 шақырым жол жүруге жетеді екен. "Жоқтан бар жасау" деп қазақ осындайда айтқан-ау деп ойлаймын. Бұдан өзге, Қытай, Ресей, Жапония, Корея, Германия сынды мемлекеттердің даму жолын бейнелейтін бейнеүзіктер тамашалап, инновациялық технологияларды қалай игергенін көріп, білдік. Астанада болған 3 күннің ішінде таным көкжиегімді кеңейтіп, мағлұматтар алдым.

**Дамир Демеу, 14 лет, ученик школы №5 г. Актау.**



EXPO-2017 по-настоящему захватывающее зрелище. Когда я увидел Национальный павильон Казахстана в виде сферы, я был поражен. Тот фантастический мир, который мы видели в мультфильмах, стал реальностью. Голограммы, роботы, джунгли, созданные с помощью новых технологий, оставили неизгладимое впечатление. Как рассказал наш экскурсовод, за более чем 150-летнюю историю существования выставок EXPO посетители стали свидетелями создания таких изобретений, как телефонный и рентгеновский аппараты, колесо обозрения, застежка-молния, нейлон, вафельный стаканчик для мороженого, мобильный телефон и сенсорный экран! Значит, все те изобретения, которые мы увидели на выставке, в будущем будут нас окружать. Я с большим увлечением с начала учебного года в школе всем буду рассказывать о выставке EXPO-2017, потому что я это самое яркое событие этого лета.

**Дойдық Мұналбаева, "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ мұнай айыру және өткізу цехының тауар операторы:**

– Малайзия павильонына кіргенімізде қызықты ойын ойнатылып жатыр екен. Кәдімгі бірдей шарларды таңдап, өшіретін ойын. Яғни, шарларды табиғи отын деп атап, соны жинау арқылы ұпай жинайсың. Одан әрі малайдың пысық қыздары моншақ тоқып, жігіттері себет жасауда. Шебердің бірі өз қолымен тоқыған моншағын мойныма тағып, күннен қорғайтын бас киімін кигізіп көрсетті. Маған мәдени бағдарламалары ұнады.

**Бердіхан Шайхиев, сатып алу және материалдық-техникалық қамту департаментінің жүк тасушысы:**

– Басқа басқа, өз еліміздің павильонына ешқайсысы жетпейді екен. Кірген бойда қазақтың салт-дәстүрлерін интерактивті тақтадан түсіндіріп береді. Мәселен, "Қалау" деген жазуды бассаң, әсем әуен ойнап шыға келеді. Қалаудың не екенін картинадағы фото арқылы бейнелеп, дауыспен түсіндіреді. Басқа дәстүрлермен шатыстырмау үшін, қолыңды қойған жазуды ғана көрсетіп айнала жарықтары жанады. Сол сияқты, қыз қуу, бел көтерер, ат мінгізіп, шапан жабу, сарқыт тағы басқа толып жатқан дәстүрімізді танытудың ең тиімді жолы деп ойлаймын.

**Роза Шайманова, "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ электрондық-есептеуіш машиналарының операторы:**

–«Нұр әлем» павильоны көңілімді ерекше әсерге бөледі. Алғашқы қабатынан бастап-ақ ұлттық салт-дәстүрімізден, тарихымыздан, түп-тамырымыздан хабар беретін шар тәріздес павильонның іші еліміздің ғылымдағы жетістіктеріне тұнып тұр. ЭКСПО павильондарының түгелге жуығы дерлік еденінен бастап жоғары биіктікке дейін электронды, инновациялы озық технологиялармен жабдықталған. Осы орайда, әлемдік деңгейде ұйымдастырылып отырған көрмеге қатысуға мүмкіндік жасаған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығына, өндіріс басшыларына қатысушы қызметкерлердің атынан алғысымызды айтамыз.

**Нурбакыт Бапанаев, 13 лет, ученик школы №20 г.Актау**

- Мне очень понравилась поездка, в поезде мы с ребятами еще ближе познакомились и подружились. Меня поразило то, как трансформируются детали на сфере павильона выставки, а еще включают подсветку и на сфере высвечивается надпись EXPO-2017, это очень завораживает. Мне понравилась Астана, мы увидели и главные достопримечательности города Байтерек, Хан Шатыр, океанариум Думан.

Из всех павильонов EXPO-2017 меня больше всех впечатлили экспонаты Германии, Кореи, Китая, Швейцарии. Восемь этажей с павильонами посвящены разным энергиям - вода ветер солнце биомасса и другие. Например, в павильоне, который представила страна Нидерланды, продемонстрировали нам голографическое шоу об истории и технологиях королевства. Я никогда не забуду поездку на EXPO-2017, потому что было очень интересно, каждую секунду моего пребывания там я открывал что-то новое, хотелось протереть глаза, чтобы я убедился во сне это или на яву.





**Бижан Жолдыхан, көлік департаментінің жүргізушісі:**

– Сумен жүретін көліктерді ұсынған француздың павильонын көрген адам болашақ осы екен ғой деп ойлайды. Өйткені, көрмеге арнайы әкелінген самокат, велосипед пен скутерді болашақтың көлігі деп қарауға болады. Өйткені, электр энергиясын тұтынады әрі аккумуляторы сымсыз қуат алады. Тағы бір артықшылығы суды тұтынатын көліктердің қоршаған ортаға еш зияны жоқ. Франция павильоны жетекшісінің айтуынша, бұл

# КӨЗІМЕН...

көліктер француз көшелерінде жүйткіп жүреді екен.

**Сиындық Жейтмеков, "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ пайдаланыстағы жабдықтарды жөндеу-прокаттау цехының слесарь-жөндеушісі:**

– Ұйымдастырушылар өте жақсы қарсы алды. Қатты риза болдым. Көрмені, ару Астананы қызықтап жүріп, үш күннің қалай өтіп кеткенін байқамай қалыппыз. Кіл алпауыттар көз тіккен көрмеге қатысуыма жағдай жасаған компания басқармасына, басшыларға айтар алғысым шексіз. Еліміз, Елбасымыз аман болсын.

**Любовь Ким, әкімшілік мәселелер департаменті кеңсе іс жүргізушісі:**

–Бұл көрмеден алған әсерімді сөзбен жеткізе алмаймын. Жүз рет естігенше, бір рет көрген артық деген осы. 1 күннің ішінде барлық павильонды аралап шығу мүмкін емес. Маған Сингапур, Беларусь, Малайзия, Корея павильондары ерекше ұнады. Мысалы, Корея елінің павильонына бас сұққанымызда қолымызға арнайы планшет берді. Павильон ішіне арнайы бағаналар орнатылған екен. Планшетті бағаналарға зарядтау арқылы Корея елінің инновациялық жобаларын көруге болады. Астанаға алғаш рет келгесін бе, өзімді құдды шет елде жүргендей сезіндім. Көкпен иін тіресіп, бой көтерген әсем ғимараттар, еркелей аққан Есіл өзені, мұнаралы мұражайлар, жасыл желекке оранған саябақтар бәрі-бәрі әдемі. Сұлу Астанамыздың күн санап көркейіп, жыл санап жарқырай түскендігі осы болар. Мұндай әлемдік деңгейдегі көрменің біздің елімізде, соның ішінде бас қаламыз Астанада өтіп жатқаны барлығымыз үшін үлкен мақтаныш, зор мәртебе деп білемін.

**Айтбек Абдуллаев, "Жетібаймұнайгаз" ӨБ мұнай және газ өндіру цехының операторы:**

–Жұмыс барысында әріптестік қатынас орнатқан Қытай павильонына соғуды жөн көрдім. Қытайлықтар лас судан энергия алу тәсілін таныстырды. Мәселен, павильон ішінде орнатылған құрылғылардың түймесін басу арқылы лас суды жинап, арнайы аппараттың көмегімен балшықтан суды бөліп алады. Жиналған суды көлге ағызып, балшықты көмірдің орнына өндірісте қолданады.

**Жақып Жұмажанов, "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ қабаттар қысымын ұстау цехының машинисі:**

– ЭКСПО қалашығына барғанымызда өзге ұлт өкілдері билеп, ән салып жатыр екен. Ресейліктер аталған көрмеге арнайы Атлант мұхитының мұзын қатырып әкелген. Жоба таныстырушылары мұздан энергия алу жолдарын түсіндірді. Павильонды аралап жүріп, Кореяның озық үлгідегі роботтарын көріп, естелік суретке түстік. Арабтар шөлді жерді игеріп қала тұрғызғандары, туризмді дамыту тәсілдерінің құпияларымен бөлісті. Біздің елімізде "Болашақ энергиясын" жасауға жастарымыздың білімі де, білігі де жетеді. Өйткені, елімізде жастардың озық технологияны игеруіне бар мүмкіндік жасалған. Бір таңданғаным, дамыған елдерде кремнийді күн сәулесінен қуат алатын жабдықтар үшін қолданады екен. Түрлі металдардың беріктілігін арттыру үшін қоспа ретінде қолданылатын кремнийдің шикізат көзі Маңғыстаудағы Үшкемпір деген жерде өте көп. Совет одағы кезінде алып мемлекет үшін кремний зауыттарына шикізат Қазақстаннан алынатын. Көрменің екінші күні Ұлттық мұражайда өтіп жатқан шоу-бағдарламалар аясында Чехиядан келген телеарна журналистеріне сұхбат бердім. Осы орайда барлық мұнайшылар атынан көрмеге қатысуға қолдау көрсеткен Басқарма басшыларына "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ басшыларына, Кәсіподақ төрағасына алғыс айтқым келеді. Бұның бәрі басшылардың қарапайым мұнайшыға деген құрметі деп білем.

**Бөкенбай Ещанов, "Жетібаймұнайгаз" ӨБ №2 цехтың инженері:**

– Маған қатты ұнағаны Монако павильоны. Монаколықтар қоқысты қайта өңдеп, одан энергия алу жолдарын ойлап тапқан. Павильон ішінде энергия көздерін виртуальды бейнекөрсетілімдер арқылы тамашалай аласың. Ең бір таңдай қақтырғаны – күн қуатымен жүретін ұшақ пен велосипед құрастырған. Шағын мемлекеттің жетістіктері мені қатты қызықтырды. Бұдан өзге, Чехия, Германия мемлекеттерінің павильондарын көрдім. 3 күннің ішінде көп дүниеден хабардар болдым.

**Қуаныш Мұханов, техника қауіпсіздігі еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің инженері:**

– Есімде ерекше қалғаны – Біріккен Араб Әмірлігінің күннен энергия алатын саябағы мен ағылшынның таңдай қақтырар жобасы. Павильон ішінде орнатылған үлкен панорамалық экраннан табиғаттың сұлу көрінісін тамашалауға болады.

**Ербол Избасов, чистильщик прокатно-ремонтного цеха эксплуатации оборудования АО «Мангистаумунайгаз»:**

- Выставка EXPO-2017, проходящая под лозунгом «Энергия будущего», освещает одну из самых актуальных тем, волнующих мировое сообщество – альтернативные источники энергии. На выставке представлены уникальные технологичные проекты. Я посетил павильоны Китая, Узбекистана, Туркменистана и других стран. У каждого павильона – своя фишка. К примеру, в российском - установлен айсберг объемом в пять кубических метров. Ледяная глыба установлена на специальной охлаждающей системе, которая поддерживает нужную температуру. В экспозиции также представлена тема сохранения существующих экологических систем, флоры и фауны. Здесь представлены видео-инсталляции: «Природный мир Арктики», «Подводный мир Арктики», «Шельф», «Арктическая флора и фауна», «Льды».

Считаю, что проекты, которые представлены в международных павильонах, непременно дадут толчок развитию новых технологий.





Жоба авторлары үлкен экранды 8 мың компьютердің көмегімен 1 ай ішінде жасап шыққан. Панорама ішінде қазақтың киіз үйі пішіндес шыны құрылым бар.

**Үкі Тәжіманова, "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ мұнай айыру және өткізу цехының тауар операторы:**

– Өзіміздің көршілес өзбектердің павильонына кіргенімде дәмі тіл үйіретін тәттілерін алдыма тосты. Сан түрлі оюмен өрнектелген кілемдері мен қолөнер бұйымдарымен қатар жаңа технологиямен өсірілген көкөністері көздің жауын алады. Өзбек елін өзгеге таныстыратын бірден-бір жобасы күн сәулесімен жүретін көліктер екен.

**Майрам Тажиева, "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ кітапханашысы:**

– Өзім үйде гүл өсіретіндіктен, өсімдіктен қуат өндіретін Барселоналықтардың жобасы ұнады. Ең қызығы, өсімдіктен өндірілген энергиямен ұялы телефонды қуаттауға болады дейді. "Табиғатта тылсым көп" деген осы шығар. Сапарымыздың екінші күні Н.Ә.Назарбаев атындағы мұражайға, Әзірет-Сұлтан мешітіне бардық. Есілдің жағасына барып естелік суретке түстік. Бәрі керемет. Көрмені көруге асығыңыздар.

Бүкіләлемдік деңгейдегі шара жазғы демалыс кезінде балалардың көңілдерін шаттыққа бөлеп, ұмытылмастай әсер қалдырды. Көрмені көріп көңілге түйген қызықтарын Жетібай кентінде тұратын 4-сынып оқушысы **Ақжан Көңілқосқызы** бізбен былайша бөлісті:

– Менің анам осы компанияда қызмет ететін болғандықтан, жазғы демалыс сайын Қазақстан аумағындағы лагерьлерге қалмай барамын. Осы жолы анамнан Астанада өтіп жатқан ЭКСПО-ға баратынымды естігенде қуанышымда шек болған жоқ. Теледидардан күнде көретін Астананы, Байтеректі өз көзіммен көрдім. "Думан" ойын-сауық орталығына да бардық. ЭКСПО көрмесіндегі павильондарға кіргенде шетелге барғандай әсер алдым. Достарыма ЭКСПО жайлы барлық естеліктерді айтқым келеді.

14-жастағы **Жалғасбай Аружан** да аталған көрме жайлы ағынан жарылды.



– Маған ЭКСПО көрмесі өте қатты ұнады. Өзім ағылшын курстарына қатысып жүргендіктен, шетел азаматтарымен, олардың мәдениетімен жақын таныстым. Өзіме жаңа достар таптым. Бізге осындай қуаныш сыйлаған "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ басшыларына, ұйымдастырушыларға алғыс айтамын.

Балаң көңілдерге қуаныш сыйлаған көрмеге Қарақия ауданының кішкентай тұрғыны, 2-сынып оқушысы **Жүсіпалы Қармыс** та барып келді. Еліміздің бас қаласындағы көрмені қатарластарымен бірге көрген оқушы өзін таңғалдырған дүниелерді әңгімелеп берді. Әртүрлі мемлекеттердің павильондарын аралау сәтінде Германияның машина, велосипед, мотоцикл сынды көліктеріне қызыққан жас өрен болашақта инновациялық технологияларды жасайтын маман болуды армандайды.

Арқа төсіндегі Астанаға ағылған мұнайшылардың қуанышы жан жадыратады.

**Жаннат Кемал**

*Внутренние коммуникации*

# ВСТРЕЧА С ТРУДОВЫМ КОЛЛЕКТИВОМ

**19 июня состоялась встреча Правления АО «Мангистаумунайгаз» с трудовым коллективом производственного управления «Каламкасмунайгаз».**



Встречу открыл Генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Бакыт Иманбаев, который вкратце подвел итоги работы трудового коллектива, а также рассказал о важных событиях региона. В частности, он напомнил, что весной текущего года месторождение Каламкас посетил аким Мангистауской области Ералы Тугжанов. Ознакомившись с производственной деятельностью месторождения, аким области дал высокую оценку работе нефтяников и выразил благодарность за труд и профессионализм.

В ходе встречи с коллективом Бакыт Иманбаев поздравил руководство ТОО «Институт хирургии» с профессиональным праздником – Днем медицинского работника – и пожелал всего наилучшего.

Далее Бакыт Иманбаев и первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» ответили на вопросы нефтяников и выслушали пожелания трудящихся, в том числе вопросы, касающиеся качества социально-бытовых условий, условий труда, техники безопасности и т.д.

По итогам встречи Правление Общества дало ряд распоряжений, поручив руководителям соответствующих структурных подразделений держать на контроле данные поручения.



*Новые технологии*

# МАСТЕР-ДАННЫЕ В ЖИЗНИ КОМПАНИИ

**АО «Мангистаумунайгаз» с 2015 г. в рамках Программы трансформации активно участвует в проекте «Создание единых справочников Товарно-материальных ценностей, Работ и Услуг, Контрагентов для Бизнес - единицы «Добыча нефти и газа» АО НК «КазМунайГаз» совместно с другими дочерними и зависимыми обществами АО НК «КазМунайГаз» АО «Эмбамунайгаз», АО «Озенмунайгаз», АО «Каражанбасмунай», ТОО СП «КазГермунай».**

MDG - это комплекс процессов, систем управления, стандартов и программ позволяющих единообразно работать с данными разного рода и характера. Проще говоря, МДМ-система предоставляет целостный взгляд на все составляющие потребности бизнеса в стандартизованных данных, в том числе на источники данных, авторство, качество, полноту и на потенциальное использование данных.

Предпосылками создания данного проекта послужил ряд проблем связанных с отсутствием эффективной технологии централизованного ведения и поддержки мастер-данных, а также разноплатформенность систем ведения этих данных(SAP R/3, Галактика, Scala) и отсутствие эффективных инструментов доступа и поиска информации. Все это являлось следствием отсутствия единых методик, регламентов ведения данных.

Проект «Создание единых справочников Товарно-материальных ценностей, Работ и Услуг, Контрагентов для Бизнес - единицы «Добыча нефти и газа» АО НК «КазМунайГаз» с целью повышения экономической эффективности управленческих процессов и, как следствие, конкурентоспособности, рыночной стоимости и инвестиционной привлекательности на основе оперативного обеспечения заинтересованных структурных подразделений достоверными мастер-данными, актуализируемыми по единой технологии, и содержащей полные, непротиворечивые и унифицированные описания объектов мастер-данных запущен во всех ДЗО.

Как результат участия и реализации данного проекта, Общество получит эффективную управленческую информационную среду. Существенно повысится качество описания материально – технических ресурсов в производственных и управленческих процессах. Повысится прозрачность и качество консолидации информации. Комплексное повышение эффективности системы управления материально-техническим обеспечением и технического обслуживания и ремонта оборудования (ТОРО), включая снижение издержек, уменьшение объемов складских запасов и неликвидов, повышение оборачиваемости товарно-материальных ценностей, сокращение стоимости закупаемых товаров за счет единой идентификации (во всех корпоративных приложениях) материалов и их описания.

Например, ввиду отсутствия единого подхода по содержанию информации, наименование с эталонным названием **«Задвижка стальная 30с 41нж /3КС-2-16/», может называться во всех ДЗО по разному. У одних Задвижка стальная 30, у других Задвижка 3КС-2, у третьих Стальная арматурная Задвижка 41нж. Казалось бы, какой пустяк – разве может унифицированная запись дать экономический эффект?**

**Опыт других крупных компаний подсказывает, наличие стандартизованных и унифицированных записей дает экономический эффект в виде сокращении закупа потребности от 15% до 30%, увеличении скорости поставки на 5-10%, исключение образования неликвида на складах до 100%.**

Проект разделен на два взаимозависимых этапа, этап нормализации и этап интеграции нашей ERP Системы с системой MDG. Этап нормализации является наиболее трудоемким, где для его реализации привлечены 18 работников нескольких подразделений Общества.

В целях поддержания унификации, нормализация ведется в тесном тандеме с другими ДЗО.

**А.Абдыкаликов,**
**начальник отдела информационных баз данных ДАИТиС**

*28 маусым – Байланыс және ақпарат құралдары қызметкерлері күні*

# ҚАЛАМГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

**Ұлт Көшбасшысының жарлығына сәйкес, 28 маусым – "Байланыс және ақпарат құралдары қызметкерлері күні" болып бекітілді. Осы атаулы датаға орай, жыл сайын "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы Байланыс және ақпарат саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, адал қызметтері үшін алғыс айтуды дәстүрге айналдырған болатын. 30-маусым, акт залға жиналған компания қызметкерлері өңіріміздегі БАҚ басшылары мен қызметкерлерін тік тұрып қарсы алды. Құрмет көрсетті. Жылдағыдан да жылы қарсы алған кеш, ауқымды шара болды.**



«Журналистің жегені – жантақ, арқалағаны – алтын» дейді жазушы Шерхан Мұртаза. Халықтың тіршілігінен, әлеуметтік әл-ауқатынан, руханияты мен қоғам тынысынан хабар тарататын қалам иелерін кәсіби мерекесімен "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Бас директоры **Бақыт Алтайұлы,** Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары **Чэнь Цзунсян** және "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің" төрағасы **Талғат Айдинов** құттықтады.

– Құрметті байланыс және ақпарат саласының қызметкерлері! Сіздерді бүгінгі төл мерекеleріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Қай кезеңде де елді қоғам тынысынан хабардар етіп, шынайы, нақты ақпараттарды жедел жеткізіп, кез-келген оқиғаға салиқалы да, салмақты талдау жасайтын журналистердің орны ерекше. Олардың мұнай-газ саласының дамуына өз үлестерін қосып, жағымды жаңалықты жария қылудағы еңбектері өлшеусіз.

Сондықтанда, Компания ұжымы мен Бұқаралық ақпарат құралдары арасында ұзақ жылдардан бері қалыптасқан тығыз қарым-қатынастың біз үшін маңызы зор. Сіздердің салмақты сөздеріңіз бен салиқалы пікірлеріңіздің арқасында компанияның бүгінге дейін жеткен жетістігі паш етіліп, ел дамуына үлес қосқан ардагер мұнайшылар өмірі мен өнегесі дәріптелді, бүгінде барлық облыс, республика тұрғындары мұнайшылар өміріндегі маңызды ақпараттармен хабардар болып отыр.

Атап айтар болсақ, жергілікті «Маңғыстау», «Огни Мангистау» газеттері мен «Қазақстан-Ақтау» телеарнасы, республикалық «Хабар», «31», «Казахстанская правда», «Экономика», «Егемен Қазақстан»-да 2016 жылы 129 материал жарық көрсе, 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында 70-ке жуық сюжеттер мен материалдар көзі қарақты көрерменге жол тартты. Сонымен қатар, өлкемізге танымал Ғалым Әріп, Сағындық Рзахметов, Маңдайлы Қосымбай, Рахат Қосбармақ, Наталья Бутырина, Аманбек Ахметов сынды мамандармен қатар, өте талантты журналистер өсіп келеді. Осы орайда Фарида Мұңалқызы, Нысаналы Ығыл, Айсара Айтманды ерекше атап өткім келеді.

Қазіргі таңда "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ демеушілігімен 1500 мұнайшы, 2000 бала Астанада өтіп жатқан халықаралық ЭКСПО көрмесін көруге мүмкіндік алды. Тарихи сәттің куәсі болған мұнайшылардың әсерін тартымды сюжеттеріңіз арқылы таң қалдырып келесіздер. Бұдан өзге, Маңғыстау мұнайының 55 жылдығы, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50 жылдығын мерекелеуде Сіздердің қосқан үлестеріңіз зор. Сіздердің тынымсыз кәсіптеріңізге деген адалдықтың арқасында, Қоғам Басқармасының беделі мен абыройы айқындалып, Компанияның ақпараттық саясаты қалыптасты. Жаңалықтың жаршысы, жақсылықтың хабаршысы болған ұшқыр қалам иелеріне компания ұжымы атынан алғыс айтамын, – деді салтанатты шарада сөз алған Б.Иманбаев. Бұған қоса, Басқарма басшылары жемісті еңбегі, жоғары кәсіби шеберлігі үшін отызға жуық журналистке Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыс етті.

– Мереке қарсаңында еңбегімізді елеп, арнайы кездесу ұйымдастырған "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ басшыларына алғыс айтамын. Осы салада талай тар жол, тайғақ кешулерден өттік. Талай адамдармен дәмдес болдық, талай жандармен сапарлас болдық. Әсіресе, Қаламқас, Жетібай кенорындарына талай рет табан тиді. Ел қазынасына қара алтын құйған мұнайшылар өміріндегі барлық жаңалықтарды үнемі қадағалап отырамыз,– деді ардагер журналист Маңдайлы Қосымбай.

Шара барысында сан мыңдаған Маңғыстау ұрпақтарының тағдырын байланыстырған "Огни Мангистау" газетінің 50-жылдық тарихи датасымен құттықтаған Б.Иманбаев, "өлкеміздің тарихын танып, қаз басқан қадамынан хабардар болуға сеп болған, соның ішінде Маңғыстау мұнайының жылнамасын жазып, мұнайлы мекеннің әрбір кірпішін қаласып келген басылымның Ақтаудай ару қалада өз қолтаңбасы бар. Өз үні бар. 50 жылда күллі түбектің көзі, құлағы, һәм тіліне айналдыңдар. Шығармашылық ұжым алда әлі талай белесті бағындыратынына сенемін,– деп ағынан жарылды. Басшылардың қолынан Арнайы марапат алған "Огни Мангистау" газетінің Бас редакторы Наталья Бутырина ұзақ жылдардан бері қалыптасқан әріптестік қатынасы үшін "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-на алғысын айтты. Ыстық ықылас, ақжарма тілек толастағаннан кейін, жас мамандар Кеңесінің өнерпаз жастары әсем әннен шашу шашып, бүгінгі мерекенің мәртебесін асырды.

**ЖАННАТ КЕМАЛ**

# МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙТЫН ЕҢБЕК ҚҰРЫЛЫМЫ

***10 маусым - елімізде кәсіподақ ұйымдарының төл мерекесі болып бекітіліп, үш жылдан бері тойланып келеді. Осы айтулы датаға орай, Компания жанында қызмет ететін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің қызметіне кеңінен тоқталмақпыз.***

Қазіргі таңда жұмысшылардың экономикалық және әлеуметтік құқығын қорғау өзекті мәселелердің бірі. Мақсаты өз мүшелерінің, сондай-ақ жалпы компания қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау, жұмыс жағдайын жақсарту, өмір сүру деңгейін көтеру және әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету болып табылатын жұмысшылар мен жұмыс берушінің еңбекке байланысты арақатынасын реттеп отыратын заңды және тәуелсіз өкіл болып отырған Кәсіподақтың арқалап отырған жүгі ауыр.

7 маусым күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ акт залында Кәсіподақ жұмыстарына атсалысып жүрген 29 мүшесіне Алғыс хаттар табысталып, ақшалай сыйақылар берілді. Аталмыш жиында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Айдинов әріптестерін құттықтады: - Кәсіподақ мүшелерін Қазақстан кәсіподақтары күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл - еңбек адамының құқығын қорғай отырып, күн сайын және сағат сайын өз мүшелерінің мәселелерін қабылдайтын және оларды өзінің мүмкіндіктеріне қарай шешетін жандардың мерекесі. Табысты және мықты мемлекеттің алтын діңгегі - еңбекте жетістігі мол адам болып табылатындығы баршаға аян! Қазіргі қиынқыстау күндері қоғамда туындаған мәселелердің оңтайлы шешімін табуға және уақтылы сезінуге мүмкіндік беретін, еңбек жағдайларын қолайлы және қауіпсіз етуді жалғастыру мақсатында, кәсіподақ үлкен жасампаздық жұмыстар атқаруда. Сондықтан, бұл күні Қоғамның барлық кәсіподақ мүшелеріне береке-бірлік, шыдамдылық, сәттілік, ашық аспан және еңбек ұжымының жаңа белестеріне шығуларын тілеймін, – деді.

Осы жиыннан соң кәсіподақ төрағасын сұхбатқа шақырған едік...

## Ұжымдық шарт – кепілдік құжаты

**- Кәсіподақтың қолға алуымен Компания қызметкерлерінің мәртебесін көтеру мақсатында бірқатар жұмыстардың атқарылғаны белгілі. Осы орайда сіздердің табанды еңбектеріңіздің арқасында Компания басшылығымен жасалған Қоғам қызметкерлерінің мүддесін көздейтін ұжымдық шартқа қол қойылды. Әңгімемізді осыдан бастасақ…**

- Ұжымдық келісім-шарт — ұжымды да, жұмыс берушіні де қорғайтын және кепілдік беретін құжат. Біздің негізгі жұмысымыздың бағыты да осы – Ұжымдық шартты жасау, бекіту, оның орындалуын қадағалау. Ұжым жұмысының тұрақтылығы келісім-шарт мазмұнының қаншалықты нақты және сапалы жасалуына байланысты. Осы келісім-шартта кәсіподақ қандай кепілдеме бере алатыны нақты айтылады. 2016 жылғы 13 желтоқсанда, жұмыс берушімен және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының арасында ұжымдық шартқа қол қойылды. Жаңа құжат тараптардың әріптестік әлеуметтік мүдделерін нақты көрсете отырып және мұнай компаниясының нақты экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, жалдамалы еңбек қызметкерлері үшін қажетті әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ете отырып, ҚР Еңбек кодексінің және 2017-2019 жылдардағы мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай химиясы салаларында Салалық келісімнің нормаларына сәйкес әзірленді.

Дағдарыс кезінде ұжымдық шарттың алынып тасталған, уақытша тоқтатылған кепілдіктері қайта қалпына келтірілді. Қосымша 17 тармақ енгізілген, осы шарттардың орындалуына қаражат – 390 млн. теңгеге жуық болды, яғни жұмыс берушімен барлығы 1 млрд. теңге қоғам қызметкерлері үшін әлеуметтік пакетті жақсартуға бөлінді. Бұл жұмыс беруші мен кәсіподақтар арасында әлеуметтік әріптестік ісінде үлкен жетістік болып табылады. Өмір болғасын жұмысшылардың сұрақтары болуы заңды, олардың барлығы кәсіподақ пен жұмыс берушімен бірігіп заңды түрде қарастырылуда.

**- Бүгінгі таңдағы кәсіподақ мүшелері жайлы сан мен статистиканы сөйлетсек?**

- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ біздің өңірде мұнай өнеркәсібін қарқынды дамытуға бастау болған бас кәсіпорын. Бүгінде тәулігіне 17 500 тоннадан астам мұнайды құрайтын тәуліктік өндіру тұрақты сақталған. Мұнайшыларға суық жел мен ыстықта да, ауа райының қолайсыздығына қарамай күндіз-түні қиын жағдайларда жиі еңбек етуге тура келеді. Олардың шеберлігі мен өз ісіне адалдықтарының арқасында Компания жылдан жылға жоспарлы көрсеткіштерді асыра орындай отырып, ырғақты және үздіксіз жұмыс істейді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ барлық жетістіктерінде біздің ұжым мен өз қызметкерлерінің ерен еңбегі бар екенін компания әрқашан есте сақтауы тиіс.

Компанияның белсенді дамуы мен өркендеуіне кәсіподақ мүшелері де өз үлестерін қосуда. Бүгінгі таңда компанияда шамамен 5 517 адам еңбек етеді. 2017 жылдың бірінші жартысының қорытындысы бойынша, олардың шамамен 4 823 адамы (87.42 пайызы) кәсіподақ мүшелігінде бар. Мен төрағалыққа келгеннен кейін кәсіподақ құрамына мүше болып кіргендердің саны артты. 2015 жылы 6 айда кәсіподақ мүшесі 375 адамға көбейді. 2016 жылдың есепті кезеңінде кәсіподаққа 160 адам кірсе, ал зейнетке кетуіне байланысты 124 адам мүшеліктен шықты. 2017 жылдын 5 айында 29 адам кәсіподаққа кірді. Өз қалауы бойынша шыққан жекелеген жағдайлар да бар. Бүгінде кәсіподаққа мүше адамдардың саны - 2015 жылға қарағанда қомақты 87.42 пайыз (82.7 пайыз) және бұл осы цифрмен тоқтап қалмайды деп сенеміз.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық жұмысшыларға және біздің жұмысымызды қолдаған азаматтарға алғысымды білдіремін.

**- Ал кәсіподақ мүшелерінің тұрмыс, денсаулық, әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында нақты қандай шаруалар жасалып жатыр?**

- Қызметкерлерімізді сауықтыру және демалыс уақыттарын ұйымдастыруды да өз қолымызға алдық. Биыл да қызметкерлердің алғашқы легі денсаулықтарын түзеу мақсатында санаторлы-курорттық ем қабылдап келді, әлі де жолдама алатындар саны қаншама. Бұл ретте кәсіподақ санаторияларда ем қабылдауына байланысты, жолдаманың немесе емнің құнының белгілі бір пайызын төлеп көмек көрсететінін де атап өткен жөн. Компанияның әлеуметтік саясатының маңызды саласының бірі – балалардың жазғы демалысы. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту, олардың тиімді демалысын және бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға бағытталған шаралар кешенді түрде қолға алынған. Биыл еліміздің демалыс лагерьлері Қостанайда (Мерей) – 303 бала, Шымкентте (Машат-Арасан) – 266 бала, және Каспий теңізінің жағасындағы «Алау» балалар лагерінде 1300 баланың тынығуы ұйымдастырылады. Сондай-ақ, өндірісі өркен жайған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мұнайшылар мен олардың балаларына да Астана «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесіне барып, тарихи сәттің куәсі болу бақытын сыйлап отыр.

Материалдық көмек көрсету және әлеуметтік төлемдер төлеу бағытында: үйленуге, отбасындағы баланың туына байланысты; мүгедек баланы тәрбиелеп отырғандарға; қызметкердің қайтыс болуына байланысты көмек ретінде; жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты; аса мұқтаж қызметкерлерге емделуге және ерекше жағдайларда, операциялар ақысының белгілі бір пайызын төлеуге; 12 жасқа дейінгі Қоғам қызметкерлерінің балаларына жаңа жылдық сыйлықтар алуға; асырауында 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп баласы бар қызметкерлерге; 12 жасқа дейінгі қоғам қызметкерлерінің балаларына жаңа жылдық кештер ұйымдастыруға; Компания қызметкерлерінің балаларын оқытуды қаржыландыру мақсатында үлкен жұмыстар атқарылуда. Жылдың басынан бастап, жұмысшылардың сұрауы бойынша, вахтааралық ауысым кезінде тұрғылықты мекеннен (Ақшымырау, Қызан, Шебір, Тұщықұдық, Құрық, Форт-Шевченко) кенорындарына жеткізу бағыттарына көлік шығару мәселесі Қоғам Басқармасымен қаралып, оң шешімін тапты.

Кәсіподақ пен Компанияның ерекше қамқорлық нысанасы - оның қызметкерлері болуы тиіс, олар қызметкерлердің еңбекке, демалысқа, кәсіби өсуіне, жеке дамуына арналған барынша қолайлы және қауіпсіз жағдайлар жасап, сондай-ақ, өзіндік өмір сүру деңгейін лайықты қамтамасыз етулері қажет. Салауатты өмір салтын ұстану бағытында да Қоғам мен облыс деңгейінде кәсіподақ барлық спорт шараларына белсене қатысып отырып, жұмысшыларды да спортпен айналысуға жұмылдырып отыр. Барлық осы жобаларды қаржыландыратын Қоғам Басқармасы және кәсіподақ болғандықтан, кәсіподақ қай істе де Басқармамен тізе қоса отырып жұмыс жасайды. Бұл кәсіподақ тарапынан жасалып жатырған үлкен жұмыстың бір бөлігі деп есептейміз.

**- Жастар саясатына байланысты қандай жұмыстар атқарылуда?**

- Қоғам қызметкерлерінің 30 пайызын 20-34 жасқа дейінгі жастар құрайтындығын ескере отырып, Қоғамның жергілікті кәсіподағы кәсіподақ қозғалысына жоспарлы түрде жастарды жұмылдыруда. 2015 жылдың соңында Жергілікті кәсіподақтан жастармен жұмыс жөніндегі кәсіподақ қызметін үйлестіру, жас мамандардың әлеуметтік және кәсіби проблемаларын зерделеу, жастар проблемаларының шешімі бойынша ұсынымдар әзірлеу, жастардың еңбек құқығын және әлеуметтік кепілдіктерін қорғау мәселелері жөніндегі ұжымдық акциялар мен өзге де іс-шараларды, ортақтас іс-әрекеттерді жүргізуге ықпал ету үшін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ-нен жастар арасында жұмыс жөніндегі Комиссия құрылды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» жастарды, оны одан әрі нығайтуға ықпал жасайтын барлық деңгейдегі кәсіподақтық құрылымдардың жұмысын жандандыруға шақырылған негізгі ресурстардың бірі ретінде қарайды. Осы күнге дейін кәсіподақ ұйымы мен жас мамандар Кеңесі бірлесіп, жастардың әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешумен, жастарға қызықты іс-шаралар, байқаулар, кештер, концерттер, спорттық жарыстарды өткізді. Еңбекші жастар өзінің жанқиярлық еңбегімен, энергиясымен, бастамасымен және қазіргі заманауи білімімен, Қазақстанның қуатты болып гүлденуіне, одан әрі дамуына елеулі үлес қоса береді деп ойлаймыз. Ол үшін жастарға қазіргі заманда барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

**- Кәсіподақ өндірістегі еңбек қауіпсіздігі мәселесіне қалай қарайды?**

- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы кәсіподақ пен жұмыс берушінің бірлескен жұмысының ажырамас бөлігі болуға тиісті. ҚР жаңа Еңбек кодексінде жұмыс беруші мен қызметкерге оның шешімі міндетті болып табылатын «Өндірістік кеңес» ұғымы енгізілді. Бұл кәсіподақтар үшін ең маңызды жетістік! Осы бағытта Компаниямызда Өндірістік Кеңес құрылып, сол бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Өндірістегі жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін кәсіподақтың инициативасы бойынша және Қоғамның ықпал етуімен, құрылымдық бөлімшелерде жұмыс орындарындағы жазатайым оқиғалардың алдын алу, қауіпсіздік техникасын сақтау жөніндегі түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Техникалық инспекторлардың жұмыстары немқұрайлы емес, сапалы болуы тиіс, сондықтан техникалық инспекторлардың жұмыстарын ынталандырып отыру қажет. Алдағы жылдарда кәсіподақтардың қызметі кәсіптік ауруларды, жарақаттануды болдырмайтын, лайықты еңбек жағдайларын енгізуге бағытталуы тиіс.

**- Компания қызметкерлерін кәсіподақ туралы ақпаратпен дер кезінде қамту мәселесі қалай жүзеге асуда?**

Кәсіподақ жұмысын жандандыру үшін, Қоғамның ААжТБД мамандарының көмегі арқылы, «Топтар сайтында» кәсіподақ қызметіндегі барлық ақпараттар, жаңалықтар мен хабарландырулар орналастырылатын «Кәсіподақ папкасы» құрылды. Бұл папка өз компьютері бар Қоғам қызметкерлеріне қол жетімді. 2017 жылдан бастап кәсіподақ төрағасының блогы, кәсіподақтың өз сайты жұмыс жасап тұр. Ол кез келген қызметкерге ғаламтор арқылы кәсіподақ төрағасына көкейкесті мәселелер бойынша тікелей сауал қоюға ықпал етеді. Бұл да кәсіподақ жұмысының қызу жүріп жатқанының бір көрінісі.

## Кәсіподақтан көз жазбаңыз…

**- Кәсіподаққа мүше болу-болмау турасында ойланып жүрген қызметкерлерге не айтасыз?**

Жұмыс берушіге әлеуметтік лайықты серіктес болуға қабілетті, ұжымның басым көпшілігінің мүддесін білдіре отырып, құқығын күшті және қуатты кәсіподақ қорғайтын Қоғам қызметкерлерінің мыңдаған ұжымы біздің тылдағы еңбеккерлеріміз іспетті. Кәсіподақ қызметінің игілігін барлық қызметкерлер бірдей дерлік көреді. Себебі, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі қызметкерлерді «Кәсіподақ мүшесі немесе мүшесі емес» деп ажыратып жатпайды. Әр азамат кәсіподаққа ерікті түрде, оның моральды және материалды көмегін, қорғаушы қызметін түсіне отырып мүшелікке өтуі керек деп ойлаймын. Кеңес заманынан қалған кәсіподақты «тұтынушылық» орган ретінде, төленген жарнаны қандай жолмен болсын қайтарып алуға әрекеттену сияқты ойлар емес, керісінше өз мүшелерінің кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде біріктіретін тәуелсіз, дербес мәртебелі қоғамдық ұйым ретінде қарауын сұрар едік. Өйткені кәсіподақ ҚР Конституциясына, заңдарына сәйкес қызмет істейді. Біздің негізгі басты мақсатымыз – өздеріңіз зор сенім артқан кәсіподақ жұмысын бүгінгі уақыт пен заман талабына сай ұйымдастырып, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қарапайым еңбек адамдары тағдырына қатысты түйіндерін дұрыс шешуге ат салысу. Ал, кәсіподаққа мүше болғысы келген қызметкер Ұжымдық шартпен танысып, арыз жазуы тиіс. Одан арғы жұмысты кәсіподақ өзі атқарады. Компания қызметкерлеріне айтарым кәсіподақтан, оның атқарып жатқан істерінен көз жазбаңыз! Себебі біз көзделген мақсатқа ынтымақтың арқасында ғана жетеміз, бұл жерде ұжымдағы кәсіподақ мүшелерінің бұрын-соңды болмаған ауызбірлігі мен қолдауы, Қоғам басшылығының өзара түсіністігі ауадай қажет.

**Тарғын Мысамбаев - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ кәсіподағының төрағасы:**

- 7 маусым күні кәсіподақ күніне орай кенорында цехтар арасында футболдан жарыс ұйымдастырылды, нәтижесінде жеңімпаздар марапатталып, оларға ауыспалы кубок табысталды. Осы күні кәсіподақ ұйымының жұмысына белсенді атсалысып жүрген қызметкерлерге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіподағының атынан 4 адамға, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ кәсіподағының атынан 10 адамға алғыс хаттар мен қаржылай сыйақылар табысталды. Өзім де Маңғыстау облыстық кәсіподақтар орталығының ұйымдастыруымен Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрында өткен салтанатты жиында облыс әкімінің және Салалық кәсіподақ ұйымының алғыс хаттарымен марапатталдым. Бұл дегеніміз ұжым болып біріге отырып атқарылған жұмыстың жемісі деп білемін. Осы салада жұмыс жасағаныма 21 жылдан асты, жұмысымыз қалыптасқан жүйелі түрде жүріп жатыр, көмекші кассирім бар. Барлық жұмыста Ата заңды, Еңбек Кодексін және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Жарғысын басшылыққа аламыз. Кәсіподақ мүшелері қайсыбір істе де белсенді. Кенорында мәдени іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылады және оған ұжым болып, барлығымыз атсалысамыз. Жыл сайын қызметкерлерімізді санаторлы-курорттық жолдамамен кезек бойынша жібереміз, жолдама жетпегендерге өтемақы төлеу жүйесі қарастырылған. Әрбір мереке сайын ұйымдастырылатын түрлі спорттық шаралар үлкен тартыспен, қызықты деңгейде өтеді. Жетібайда жылдағы дәстүріміз бойынша биыл да ауызашар бердік. Мектептердің спорт залдарын әртүрлі шаралар кезінде қолданатындықтан, қажет кезінде оларға да көмек көрсетеміз.

Жалпы, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы бойынша 1132 адам жұмыс жасаса, соның тек қырық шақтысы ғана кәсіподақ құрамында жоқ, бұл деген біздің жұмысымыздың жақсы жолға қойылғанының нәтижесі болса керек. Негізі менің ойымша, мекеменің қызметкерлері бір ауыздан, кәсіподақ мүшелігіне өтуі біз үшін де өте жеңіл болар еді, ондай жағдайда басшылықпен келіссөздер кезінде жұмысшылардың атынан сөйлеп, сөзіңді өткізу де оңай болады.

Кәсіподақ мерекесі қарсаңында ұйымның барлық мүшелерін төл мерекелерімен құттықтаймын. Барлық уақытта бізді қолдап, сөзімізді сөйлеп, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жүрген белсенділерге алғыс айтамын. Отбасыларыңызға береке, жұмыстарыңызға табыс тілеймін. Еліміздің келешегі кемел, дамуымыз жедел болсын!

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бойынша да дәл осы бағыттардағы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бойынша 1607 адам жұмыс жасаса, оның 1557 жұмысшысы кәсіподақ мүшесі, бұл 97 пайызды құрайды. Бұл өте жақсы көрсеткіш деп есептейміз.

**Міне, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі кәсіподақтардың төл мерекесіне жақсы дайындықпен, осындай жетістіктермен келіп отыр.**

*А.Ақшаева*

EXPO 2017 · Future Energy · Astana Kazakhstan

# ЭКСПО – БОЛАШАҚ ҚУАТЫ






Елордамыз Астанада еліміз үш жылдан бері қарай қызу қарқынмен дайындалып келген «Экспо-2017» халықаралық көрмесі өтуде.

«Экспо-2017» халықаралық көрмесін өткізетін ел мәртебесі 2012 жылдың 22-ші қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында өткен ХКБ-нің ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды. Ол Қазақстанның елордасы - Астана қаласы еді. Дауыс беру қорытындысы бойынша, біздің елдің ұйымдастырушыларының тарапынан ұсынылған "Future Energy", яғни Болашақ қуаты тақырыбы сарапшылардың көпшілігінің көңілінен шығып, «Экспо-2017» халықаралық көрмесінің тақырыбы ретінде қолдау тапты.

Қазақстан тарапынан барған ұйымдастырушылар Астанада өткізілетін «ЭКСПО-2017» көрмесінің басты тақырыбы ретінде «Болашақтың энергиясы» атты тақырыпты ұсыну себебі, ол біріншіден, баламалы энергия көздерін дамытуды қоса алғанда, энергетикадағы сапалы өзгерістер жолы мен оны тасымалдау тәсілдерін іздестіруге бағытталғандығы болып табылады. Екіншіден, орнықты энергиямен жабдықтау осы күнде жаһандық көлемдегі негізгі мәселе болып саналады және оны шешу экономикалық өсімді қамтамасыз ету және қоршаған ортаға келер зиянды төмендетуге септігін тигізеді. Үшіншіден, Қазақстанның бұл тақырыпты таңдауының басты негізі — еліміздің дәстүрлі энергиялық ресурстардың елеулі қорына ие бола отырып, баламалы энергия көздерін пайдалану жөніндегі шараларды дәйекті түрде қабылдауда және «жасыл» экономика құру бағытын ұстанғандығы.

ЭКСПО — индустриализацияның символы. Техникалық жетістіктер мен техниканың өзін назарға салатын халықаралық көрме.

ЭКСПО көрмелерінде әлемнің барлық мемлекеті өздерінің ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін көрсетуде. Олар жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастырып, мұндай іс-шараға барлық құрлықтың ондаған елінен миллиондаған адам қатысуда.

Елордамыздың әлемдік-деңгейдегі шараны лайықты өткізе алатын орталық ретінде қалыптасқаны баршаға белгілі болды. Бұл мемлекетіміздің табыстары жоғары бағаланғанын білдіреді және Еуразия өңірінде де оның даму келешегі кемел екенін айқақтай түседі.

Көп жылғы тарихы бар «ЭКСПО» көрмесі техникалық және технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ оған мүше елдердің тарихын, дәстүрі мен мәдениетін көрсету үшін өткізіледі.

Бұл көрме бүкіл әлемдік қоғамдастықтың және оны тамашалаушы миллиондаған адамның назарын өзіне аударатын ірі оқиға болып отыр. Сонымен қатар, «ЭКСПО» көрмесі экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамудың жаңа үрдістерін қалыптастыру алаңы қызметін атқаруда.

Астанадағы өтетін «ЭКСПО» - ның тақырыбы - «Болашақ энергиясы». Көрмеге қатысушы мемлекеттер өздерінің энергия саласындағы техникалық жетістіктерін барша жұртқа тәнті етуде. Әсіресе, қазіргі таңда сұранысқа ие балама энергия көздерін алу мақсатындағы құрылғылармен танысуда. Сарқылмайтын энергия көздеріне жататын: күн сәулесі, жел, жер асты сулары арқылы энергия алу болашақта адамзатқа қажетті ресурс түрі. Осыдан, көрменің тақырыбы көпшіліктің қызығушылықтарын тудырғаны анық сезілуде.

Ал, енді бұл көрменің бізге әлеуметтік тұрғыда, экономикалық тұрғыда келтіретін пайдасы ол - еліміздегі техника саласының дамуы. Қазақстанда балама энергия көздерін пайдаланатын аймақтар бар. Мысалы, Алматы қаласының маңында жер асты ыстық сулары бар, Жоңғар қақпасынан жел энергиясын алуға болады және Байқоңырдың орналасу траекториясы күн энергиясын алуға қолайлы жер. Ендеше, болашақта энергиядан тапшылық көрмеу үшін «Болашақ энергиясы» атты көрменің бізге берері мол. Көрмеден алған тәжірибеден біздің мемлекетке де пайданың болары анық.

Бұл өз тарапынан өзге елдермен достық қатынастарымызды да нығайтуға себепкер деп білеміз. "ЭКСПО" уақытында тегін тәжірибеден өтуге мүмкіндік туды. "ЭКСПО" халықаралық көрмесі Қазақстанның мәртебесін күллі әлемге паш етеді. Ауқымы жағынан Олимпиада ойындары мен әлемдік футбол чемпионатынан кейінгі орында тұрған көрме ТМД кеңістігінде тұңғыш рет Қазақстанда өткізілуде. Бұл сыртқы саясаттағы табысымыз бен елді біріктіріп, тұтастыра түсетін уақыттық нышан.

Миллиондаған қатысушылар ішінде инвесторлар да, туристер де, журналистер де бар. Демек, Қазақстанға ақпараттық шу, туристік қызығушылық, инвестициялық климат жағынан болсын, бұл көрме әбден тиімді. Көрме Астананың инфрақұрылымына үлкен серпіліс әкелді. Жаңа қонақүйлер салынды, жаңа жұмыс орындары ашылды, сауда-саттық дамыды. Шағын және орта бизнес өркендеді. Және бұл көрме елдегі новаторлық рухты жандандырудың, ғылымға ұмтылуға құлшыныс берудің таптырмас тетігі деп білеміз.

Жаңа экономиканың стратегиясы табиғи технологиялардың дамуына инвестицияларды тартып, ел экономикасын жаңа белеске жеткізеді. Экологияға бағытталған жасыл экономиканың жарқын болашағы бар. Демек, Отанымыздың жүрегі - Астана қаласында өткізіліп жатқан «ЭКСПО-17» халықаралық көрмесінде «жасыл экономиканың» негізінде жасалған, болашақтың балама энергия көздеріне арналған ірі жобаларымыз бен ұсынатын қомақты дүниелеріміздің қатары көбейе бермек.

Біздің «Мұнайтелеком» ЖШС-де «ЭКСПО-2017» көрмесіне қатысып өз үлестерін қосып келуге бірнеше жұмыскерлер жүргелі отыр. Солардың бірі монтаждау – баптау цехының инженері Сахипов Нұрлан:

- Еліміз үшін биыл ерекше жыл, себебі елордамызда бәріміз халықаралық «ЭКСПО -2017» көрмесі өткізілуде, көрмеге біздің «Мұнайтелеком» ЖШС-нен де жұмыскерлер болып қатысып, өз үлесімізді қосып, пікірлерімізді қалыптастырып келуге жүргелі отырмыз. Көрмеден болашақта мекеменің өндірістік қажеттіліктеріне жаратуға керекті сабақ алып, тәжірибе жинап қайтамыз деген ойдамын. Бұл жолсапарға барып келу мүмкіндігін жасап, шығынын көтеріп, қаржы бөліп отырған Серіктестігіміздің басшылығына рахметімді жеткізгім келеді.

Астана көрмесінің бас тақырыбы — Болашақ қуаты. Жасыл техноло-гияларды дамыту, балама қуат көздерін табу мәселесі өзекті боп тұрған заманда биылғы жылғы көрме талай бастаманы іске асыру кілтіне айналады және жаңа технологиялар мен ғылыми жетістіктердің бағы жанып кетеді деп сенеміз.

**Құлмұрынова Б.Қ.,**
**«Мұнайтелеком» ЖШС**

# ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ – КӘСІПОДАҚ



«Ойл Транспорт Корпорейшэн» Серіктестігінде «ОТК» ЖШС қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі белсенді қызмет атқарып отыр. Кәсіподақ мүшелігінде мекеменің 2289 қызметкері бар. Сол қоғамдық бірлестіктің 2012 жылдан бергі төрағасы - Темірқасов Марат Бөрібайұлы.

Темірқасов Марат Бөрібайұлы 1969 жылы 17 наурызда Маңғыстау облысы Қызыл Өзен ауылында мұғалімдер Толыбеков Бөрібай мен Сүндетова Бақыттың отбасында дүниеге келді. Он жылдықты Ақшұқыр ауылындағы Ш. Ералиев мектебінен бітіріп, жоғарғы білімді Тынышпаев атындағы көлік және қатынас Академиясының «Көлік және көлік шаруашылығы» мамандығы бойынша алып шықты.

Өзінің еңбек жолын 1990 жылы «ММГ» АҚ өндірісінде 4 дәрежелі жонушы мамандығынан бастаған Марат, 1995 жылдан Бозащы технологиялық көлік басқармасына жүргізуші мамандығы бойынша жұмысқа орналасты. Өзінің жұмысқа деген жауапкершілігімен, берілген тапсырманы тыңғылықты, тиянақты, уақтылы орындайтын қасиеттерімен көзге түскен Марат Бөрібайұлын мекеме басшылары 2000 жылы автотізбек басшысы лауазымына тағайындайды. Осы жылдары ол өндірісті басқаруды меңгере отырып, ұжым басқарудың қыр-сырын үйреніп, тәжірибе жинақтайды. Ол 2005 жылы пайдалану бөлімінің бастығы лауазымына тағайындалады. Бұл жерде де өзінің жоғары білікті және өзіне берілген тапсырманы тыңғылықты орындайтын, техниканың тілін білетін, технологиялық көліктің ерекшелігін түсінетін маман, жұмысты толықтай ұйымдастырып білетін іскер азамат екенін көрсетті. Көлікке тапсырыс беретін мекеме қызметкерлерімен және айналасындағы адамдармен үнемі тіл табысып, оларды сыйлап, өзін де сыйлата білетін Марат, жұмыста өзіне және қарамағындағы қызметкерлерге талап қоя білді. Көп жылдар бойы Қаламқас кен орнында, өндірісте еңбек етіп, шыныққан Мараттың басшылық қасиеттері - бірбеткейлігі, табандылығы, қайсарлығы, кәсіпқойлығы, біліктілігі жылдан жылға сомдала берді. Міне, осы қасиеттерінің бәрі Мараттың бұдан да ауқымдырақ және жауапты орынға лайық екендігін танытты.

Сөйтіп, 2012 жылы «ОТК» ЖШС қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің жұмысына жаңа серпін беру мақсатында бірлестік төрағасын сайлау мәселесі туындаған кезде, кәсіподақ төрағалығына үміткер ретінде жұмысшылардың және мекеме басшыларының қолдауымен Марат Бөрібайұлының кандидатурасы да ұсынылып, кәсіподақтың есеп беру сайлау жиналысында, бірнеше үміткер арасынан, ашық дауыспен «ОТК» ЖШС қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ төрағасы болып Темірқасов Марат сайланды. Содан бері 5 жыл өтті. Осы жылдардың ішінде Марат Бөрібайұлы жұмысшылардың мүддесін қорғау ісін өз деңгейінде атқарып, жұмысшылардың өзекті мәселелерін Жұмыс берушіге батыл айтып, шешімін табу жолдарын бірге қарастырып отыр. Осы 5 жылдың ішінде мекеменің бірнеше басшысы өзгерді: А.Умбеталин, Қ.Сатмағанбетов, Б.Ахбелов, қазіргі басшысы - С.Кеулимжаев. Марат осы басшылардың барлығымен тіл табысып, қоян-қолтық жұмыс жасап, жұмысшылардың көкейтесті мәселелерін тек уәде қылып емес, нақты шешуді өзінің міндеттерінің бастысы етіп ұстанады. Серіктестік жұмысшылары жиналыстарда өз ойларын ашық айтып, ұсыныстарын беріп отырады. Көптеген комиссия жұмыстары жұмысшылар өкілдерінің қатысуымен болады. Мысалы, соңғы кезде Серіктестікте атқарылып жатқан жөндеу цехтары жұмысшыларының дәрежелерін сәйкестендіру, мекемеге қосалқы бөлшектер тапсыратын мекемені таңдау, сатып алатын жаңа техниканы таңдау сияқты т.б. негізгі өндіріс мәселелері жұмысшы өкілдерінің қатысуымен шешіледі. Осының бәрі Марат Бөрібайұлының қолдауымен, жұмысшылармен тығыз байланыста болып, оларға берген ақыл-кеңесімен істеліп жатқан игі шаралар деп ойлаймыз. Сонымен қатар, Серіктестікте әлеуметтік тұрақтылықтың сақталуына, өндірістегі жұмысшылардың еңбек жағдайының жақсаруына, жатақханаларда тұру, асханаларда тамақтану мәселелері, қызметкерлердің және олардың балаларының демалысын ұйымдастыру, қызметкерлердің денсаулығын сақтандыру, мекемедегі мерекелік және спорттық шаралардың ұйымдастырылуы, еңбек және өндіріс тәртібін күшейту т.б. сол сияқты жұмысшылардың мүдделерін қорғайтын барлық мәселелердің басы-қасында жүріп, оң шешімін табуда Мараттың атқарып отырған қызметі мен қосып отырған үлесі ұшан теңіз.

Осы маусым айында Қазақстан Республикасы кәсіподақтар Федерациясы Серіктестік тұрақтылығы үшін сіңірген еңбегін зор бағалап, Марат Бөрібайұлын «Кәсіподақтарға сіңірген еңбегі үшін» құрмет белгісімен марапаттады.

Біз де өз атымыздан, Марат Бөрібайұлын жоғарғы марапатымен құттықтай отырып, Маратқа зор денсаулық, жанұясына бақыт тілейміз, кәсіподақ төрағасы ретіндегі қиын да жауапты ісіңізге сәттілік тілеп, мерейіңіз үстем, беделіңіз биік, абыройыңыз асқақ болсын деп тілейміз.

**А.Кезбаева,**
**«ОТК» ЖШС қызметкері**

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ – НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# ЖАСТАР ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ЖАҚСЫ КЕШ




Қаламқас кенорнында «Oil Construction Company» ЖШС Жас мамандары кеңесінің ұйымдастыруымен домбыра кеші өтті.

Ел іші – өнер кеніші. Таңның атысы, кештің батысы Қаламқастан қазына іздеп қажыған халыққа әсем ән, күмбез күй сыйлап, көңілдерін ауламақ ниетте бас қосқан домбыра кеші тасада қалған өнерпаз-жастардың өнерін паш ету болды.

Қазақтың қара домбырасының қалай жасалуы туралы документалдық фильмнен басталған кеш өнерлі жігіттердің әніне, залға лық толған тыңдарманның қиқуына ұласты. ОКК мекемесінің сылақшысы Әміралиев Амангелді жастарға қолдау көрсетіп, домбырамен жыр-термелер айтты. Шабыты келген ағамыз бір термеден екінші термені тоқтамастан жалғастырып, шабытқа шабыт қосты. Аталған кеште "Маңғыстау-мұнайгаз", "ОСК", "ОТК" мекемелерінің белсенді жігіттері қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ қызметкері Түзелов Райымбек айтыстан үзінділер айтып, кешке жиналған көпшіліктің көңілінен шықты. Қазақтың қасиетті домбырасының үнінен бөлек, гитарада ойнайтын әріптестеріміз әсем әннен шашу шашып, қағытпа әзілдермен елдің ішек-сілесін қатырған жігіттердің өнері қандай мақтау мен мадаққа да лайық.

– Өнерпаз жастардың басын біріктіретін осындай шаралардың қатары көбейсе қуанамыз. Бүгінгі шара осының бір дәлелі. Алдағы уақытта игілікті істің ауқымын кеңейтіп, қазақтың өлмейтін,өшпейтін мұрасын насихаттауда табанды еңбек етіңдер. Ортақ мақсатқа бірге жетіңдер, – деп ағынан жарылған аға буынның ақ тілегі жан жадыратты. "Жастың тілегі, үлкеннің батасы қабыл" деген осы болса керек.



Кеш соңында естелік суретке түсіп, болашақта қатарымыз ақын, жыршы, термешілермен толығады деген жақсы ниетте кешімізді аяқтадық.

Осы кештің өтуіне қолдау көрсеткен «Oil Construction Company» ЖШС кәсіподағының төрағасы Құдайбергенов Жақсығали ағамыздың еңбегін айтпай кетуге болмас.

Мұнайшылар қалашығын әнмен әлдилейтін әсем кештер көп болсын.

**«Oil Construction Company» ЖШС**

# ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН ҰСТАҒАН ЖАН!




«Oil Services Company» ЖШС ұжымы мен Жастар одағы бірігіп Жетібай ауылындағы мешітке, ауыл тұрғындарына ауыз ашар ұйымдастырды. Ауыз ашар уақыты жақындаған кезде, жан жақтан адамдар ағылып келе бастады. Келген халық серіктестік қыз-келіншектері жайған дастарханнан дәм татып, құран оқып, уағыздар айтып шүйіркелесіп жатты. Көптеген айтылған әдемі уағыздар мен әңгімелер қазіргі жас буынға үлгілі сабақ болары хақ.

«Аузы берік жанды ауызашарға шақырып тамақ берген кісі – ораза ұстаған адамның алатынындай сауап алады деген екен.

Құрметті мұсылман бауырлар, жерлестер! Баршамызды мүбәрәк Рамазан айының келуімен «Oil Services Company» ЖШС атынан шын жүректен құттықтаймыз! Ұлы жаратушының пенделеріне тартқан теңдессіз сыйы - қасиетті Рамазан – сансыз сезімдер мен ізгі ойлардың салтанат құрған, күн мен түнді тұтастайтын Жасаған иеміздің рақымы мен мейіріміне тұнған ай. Басқа уакытпен салыстырғанда, жақсылықтар мен сауаптардың сансыз еселеніп жазылар айы да осы – Рамазан. Ораза адам жанын тазартып, жаман қылықтардан сақтайды.



Ауызашар беру сауапты іс. Рамазан айының келуімен қатар ауызашар беру де көбейе түседі. Жора жолдастарымыз бен жакын туыстарымызды ауызашарға шақырған сияқты, бізде олардың қонағы боламыз. Осылайша адамдардың бір-біріне деген бауырмалдық, жомарттық сезімдері арта түседі.

Пайғамбарымыздың хадистеріне үңілер болсақ бір жұтым су, сүт немесе құрмамен де ауыз аша беруге болатындығын меңзеген. Егер де сіздің жағдайыңыз мол дастархан жаюға келіп жатса, оған да рұқсат.

«Егер де кімде-кім Рамазан айында адал табысымен ауызашар берсе, періштелер Рамазан айының соңына дейін оған дұға жасайды...» деген. Олай болса ауызашар берудің қатып қалған шарты жоқ екен. Шамаңызға қарай аузы берік жандармен бірге ауыз ашу және жоқ-жітіктерге қарасып, кедейлерге қол ұшын беру – мұстахап.

Құрметті мұсылман қауым! Ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын. Алла тағала баршамызды шынайы ықыласпен ораза ұстаушылар санатына қоссын. Қасиетті Рамазан құтты болсын!

**«Oil Services Company» ЖШС**

# ҚАЗЫНАЛЫ ТҮБЕКТІҢ МҰНАЙШЫЛАР ҚАУЫМЫ!!!

Сайын Сарыарқаның төсінде тотыдайын таранған әз Астананың жылдан - жылға алып Азия мен Еуропаның шоқтығы биік қалаларының біріне айналатынына, бара - бара алдағы ғасыр үлесінен биік орын алатынына, батыл үміт пен нық сенімнің тұлғалы тірегі боларына бүкіл қазақ жұртшылығы сенімді еді. Қазақстанның жас елордасы, бүгінгі Астана – қарыштап дамыған мемлекеттің, мәңгілік достықтың символы. Жас Астанаға ерекше сүйіспеншілікпен қарайтын барша қазақ елі – Тәуелсіз Қазақстанның басты байлығы. Жас елорданың мерейлі мерекесі әрбір қазақ жүрегіне қуаныш ұялатып, ертеңге деген сенімді шыңдай түседі. Бүгінгі таңда елдің төрі - Елорда барша ұлт пен ұлыстың басын қосқан бірлік мекеніне айналды. Астана - қарыштап дамыған мемлекеттің нышаны, әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеудің айқын дәлелі.

Сондықтан дәстүрлі Астана күні мерекесінде ерен еңбек иелері – мұнайшыларды халықаралық мағынаға ие болған Астана мерекесімен «Маңғыстауэнергомұнай» Серіктестігі ұжымы атынан құттықтаймыз. Баршаңыздың дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс, шаңырақтарыңызға береке, бастамаларыңызға сәттілік тілейміз.

Сүйікті Елорда - Астананың даңқы көркейіп асқақтай берсін!

**«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС**

*Спорт*

# ҚАЛАМҚАСТЫҚ ЖАСЫЛ АЛАҢ ЖАМПОЗДАРЫ

Кәсіподақ күніне орай, 8-10 маусым күндері Қаламкас кенорынында «Манғыстаумұнайгаз» ұжымдары арасында шағын футболдан блиц турнир өтті. Жарысқа 10 команда қатысып, жеңіске жеткен командалар түрлі номинациялар бойынша марапатталды.

– Аталған ұжым арасында шағын футболдан жарыс осымен екінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Мұндай кездесулер ұжымды жинақтауға әрі салауатты өмір салтының маңызын арттыруға көмектеседі, – деді "Қаламқас-мұнайгаз" ӨБ спорт нұсқаушысы С.Тілегенов.




Топтан озып шыққан командалар жүлделі 1-ші, 2-ші және 3-ші орындарға таласты. 6 сағатқа созылған ойын-дардың барлығы тартысқа толы болды. Әуесқой футболшылар кәсіби деңгейде ойластырған комбинацияларын жүзеге асырып қарсыластарына көбірек доп салуға тырысып бақты. Сонымен, сайыс қорытындысы бойынша, жүлделі 1-орынды орталық-өндірістік қамту қызметінің ұжымы жеңіп алса, 2-орын қауіпсіздік қызметі жігіттерінің үлесіне тиді. 3-орынға мұнай және газ өндіру цехының ұжымы лайық деп танылды. Жарыстың үздік қақпашысы атағын Азамат Нұрбаев иеленсе, Еркін Тұраров үздік қорғаушы, Фархат Юсупов үздік шабуылшы, Оңғар Қосжанов үздік ойыншы, Даурен Хамидуллаев үздік бапкер, жарыстын үздік төрешісі атағы Талап Кабдрахмановқа бұйырды.

Сайыс соңында жеңімпаздарға қаржылай сыйлықтар мен кубок табыс етілді.

**С. Тілегенов,**
**«Қаламқасмұнайгаз» спорт нұсқаушысы**

*Дәстүрлі ислам*

# МЫҢ АЙДАН ДА ҚАЙЫРЛЫ – ҚАДЫР ТҮНІ

Биылғы жылдың Қадыр түні маусым айының 21-нен 22-не қараған түнге сәйкес келді. Бұл касиетке толы түн туралы Құран Кәрімнің "Қадыр сүресінде" нақтылап айтылған. Бес аяттан тұратын сүреде Жаратушымыз «1. Біз Оны (Құранды) қадір түні түсірдік. 2. Қадыр түнінің не екенін білесің бе? (Алла Тағала білдірмесе) қайдан білесің? 3. Қадыр түні мың айдан да артық. 4. Ол түні Алланың рұқсатымен кез келген іс үшін Рух пен періштелер түседі. 5. (әсіресе ол түнді ғибадатпен өткізгендер үшін) таң атқанға дейін Алланың рақымы мен есендігі жауады», - деп баяндайды.

Десек те, Қадыр түнінің дәл қай түн екені бізге белгісіз. Оның себебі Құдыреті шексіз Раббымыздың үмбетіне рақымдылық қалап, ұдайы құлшылықта болсын дегені болса керек. Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл түннің Рамазанның соңғы он күніндегі тақ күндердің бірінде екенін айтқан. Сондықтан тақуа кісілер Ораза айының соңғы он түнін түгелдей құлшылықпен өткізуге тырысып бағады. Дегенмен кейбір риуаяттарда Қадыр түні Рамазан айының 27-ші түні деп келеді. Осыған сүйене отырып, ислам ғұламалары да Қадыр түні Рамазанның 27-ші түні деп мақұлдап, бүкіл мұсылман қауымы да бұны осылайша қабылдаған. Әрине бүкіл жұртшылық осылай сеніп, осылай қабыл еткен болса, пейілі кең мейірімді Алла Тағала да миллиондаған құлдарының ниетін қабыл етіп, ол түнді шын мәнісіндегі қадыр түні етер деген сенім мол.

Бүкіл адамзатқа Құран түсе бастаған ерекше және қасиетті түннің Қадыр аталуының да себебі бар. Бұл араб тіліндегі «қадр» сөзі «мән-маңыз» және «өлшем», сондай-ақ «құдырет» деген мағыналарға келеді. Түннің «Қадыр түні» деп аталуын ислам ғұламалары бұл түнде Алла Тағала адамдардың келесі жылғы тағдырын, яғни өмірі мен өлімін, ризық-несібесін, бақытты немесе бақытсыз болуын сол секілді тағы басқаларын жазатындығымен байланыстырады. «Қадыр» және «тағдыр» сөздерінің түбірлестігінен де осыны аңғаруға болады. Осы тұжырымды ислам әлемінің ірі тұлғаларының бірі Әнәс ибн Мәліктің Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты деп келтірген мына сөздері қуаттап тұрғандай: «Расында, сендерге бұл ай келді! Онда, мың айдан да артық бір түн бар. Сонда кім ол түннен мақрұм қалса, оның барлық игілігінен мақрұм қалады. Ал оның игілігінен тек нағыз ғана мақрұм адам айырылып қалады!». Есептесек, мың ай дегеніміз 83 жыл 4 айлық уақыт екен. Яғни, Қадір түніндегі құлшылығымыз 83 жылдық ғибадаттың сауабына тең болмақ. 95 жылдық адам өмірін алсақ, оның 15 жылы балиғат жасы болып саналады, сонда толық 80 жыл өмір сүргені. Ендеше, адам өмірінде бір қадір түніне дөп келу, бүкіл өмірін құлшылықпен өткізгендей сауапқа кенелтеді. Демек, бұл түні көкірегі ояу, көзі ашық әрбір мұсылман баласының жүзі құбылада, тәні құлшылықта, жаны дұғада болуы тиіс.

Осы тұста айта кетерлік бір мәселе, қазақтың дін ғалымдары кейбір мұсылмандардың Қадыр түнінде Қыдыр атаны күтеміз деуінен ешқандай діни негіз қарастырмайды. Олардың айтуынша, бұл аңыз. Сондықтан да, діндарлар бұл түнді шынымен біреуді күтіп емес, аятта бұйырылған ғибадаттарды, құлшылықтарды жасап, игі тілек тілеп, сауап үмітімен өткізген дұрыс деп есептейді. Ал түннің барлық уақытын құлшылықпен өткізе алмайтын кісілер, түннің бір бөлігін болса да ізгі амалдармен өткізсе болады. Соның ішінде қасиетті түнді Алла Тағалаға құлшылық жасау, намаз оқу, Құран оқу, үйрену, үйрету, уағыз айту және тыңдау, шариғат үйрену, тәсбіх тарту, діни кітаптар оқу, діни фильмдер көру, мешітке келгенде дүние сөзін сөйлемеу амалдарын орындау арқылы зиярат етіп өткізу керек деп жеткізеді.



Маңызы зор, мағынасы терең осы бір түннің салтанатын асырайын деген ниетпен Компания жастары барлық қызметкерлер атынан облыстық Бекет ата мешітіне ғибадатқа жиналған көпшілікке ауызашар және ауыз бекіту дастарханын жайды. Тұрақты үрдіске айналған, Алланың разылығы үшін жасалған сауапты шара әдеттегідей кіл жақсының бір жерге тоғысып, ғибратты әңгімелердің айтылуына, дәстүрлі дінімізге қатысты туындап жүрген сауалдардың таркатылуына, дастархан басына жиналған жастар үшін аға буыннан өнеге алып, өсиет тыңдауға себепші болды. Оразаның парызын өтеп жүрген дүйім жұрт дәмнен ауыз тиіп, алғысын жаудырып, «Алладан сансыз сауаптар болғай», - деп тілектерін білдіріп жатты.

Жастардың ізгілікті істеріне жаны риза болған орталық мешіттің іс басқарушысы Серік Әділбайұлы:

- Бұл кеште жасаған жақсылықтарыңнан болар сауап өте мол, оған Алла елшісінің (с.ғ.с) мына бір сөзі дәлел бола алады: «Басқа уақыттарда әрбір жақсылықтың сауабы он есе болса, ережеп айында жүзден асады. Шағбанда үш жүзден асып, Рамазанда мың есеге артады, жұма түндері мың еседен асып, Қадір түнінде отыз мыңға дейін жетеді». Сондай-ақ, Қадыр түнінде Жәбірейіл мен бүкіл періштелер жер бетіне түседі екен. Алланың елшісі (с.ғ.с) бір хадисінде: «Шын мәнінде, Қадір түні жер бетінде, періштелер ұсақ тастардан да көп болады», - деген екен. Және тағы бір сөзінде «сол періштелер қонақ дастархан басынан тұрып кеткенше үй иесіне, яғни бүгінгі жағдайда – ауызашар мен сәресін беріп жатырған сіздер мен сіздердің ұжымдарыңызға, дұға етеді.», - деп келтіреді. Алла сіздерге разы болсын! – деп алғысын білдірді.

Адал астан ауыз тиіп, жүрек жалғаған мүмін меймандар дастарханның батасын беріп, одан әрі мешіт қабырғасындағы құлшылықтарына асықты. Ауыз бекітетін мезгіл болғанша бірі Қадыр түнінің қадір-қасиеті туралы уағыз тыңдаса, енді бірі намазын оқып бас амандығы мен ел ішіндегі тыныштық үшін дұға жасап жатты. Бұл түні тілектер кері қайтарылмайды деседі, демек жамағаттың тыныштық тілеген дұғасы да қабыл болар, көрер қызығымыз әлі мол болар деп сенеміз!

Ендеше берекесі мен қайыры мол осы түнде жасаған ғибадаттарыңыз қабыл болсын! Қадыр түнінің игілікті болуын нәсіп етсін!

# ОРАЗА АЙТ – ҰЛЫҚ МЕЙРАМ



Мұсылманның екі мейрамы болса, соның бірі – Ораза айт. Биыл Ораза айттың алғашқы күні 25 маусымға сәйкес келіп отыр. Бұл күні Алланың разылығы үшін деп отыз күн ораза ұстаған жандар Рамазан айымен қоштасып, айт намазын оқып, ауыздарын ашты.

Жалпы «айт» сөзі араб тілінен алынған сөз, аударғанда «мереке», «мейрам» дегенді білдіреді екен. Ал мағыналық жағынан оразаның «қарымтасы» берілетін, жыл сайын қайталанып келетін қуаныш пен шаттыққа толы мереке дегенге саяды. Тарихы да тереңнен тамыр тартады – Пайғамбарымыз (с.ғ.с) 624 жылы Меккеден Мәдинаға көшіп келгенде, жергілікті халықтың тойлайтын екі мейрамы бар еді. Алланың елшісі жұрттан мұның қандай мереке екенін сұрағанда «Исламнан бұрын тойлап келе жатқан мерекеміз» деген жауап естиді. Сонда Расулулла (с.ғ.с): «Алла сіздерге бұдан да ұлық екі мейрам берді. Олар Рамазан және Құрбан айттары» деген екен. Содан бері қанша уақыт өтіп, қанша заман ауысса да мерекенің маңыздылығы бәсеңдемей, қайта жылдан жылға салтанаты артып, күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді.

Өзіміз қызмет ететін «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы да осы мерекенің өз деңгейінде аталып өтуіне жыл сайын үлесін қосып келеді. Мерекенің алғашқы күні орталық мешіт жанынан есігі көпшілік үшін айқара ашылған ақшаңқан үй тігіп, дәм толы дастарханын жамағатқа ұсыну Компания үшін тұрақты үрдіске айналған. Биыл да сол жанға жағымды шараны жүзеге асырып, ораза айт мейрамын тойлай келген жұртшылықты аса мейірбандықпен қонақ етіп, мерекенің мәнді де сәнді өтуіне жағдай жасады. Бәрі де әдеттегідей жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Оған дастарханнан дәм татқан көпшіліктің айтқан алғысы мен берген батасы куәлік. Осы орайда өз ісінің хас шеберлері – қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру бөлімі мамандарының еңбегін ерекше атап өткен жөн.

Намазын оқып, тағамдардан ауыз тиген жұрт одан әрі спорттық шараларды қызықтауға асықты. Мешіт ұжымының ұйымдастыруымен ұлттық ойындарымыз дәріптеліп, асық ату, күрес, арқан тарту, кір тасын көтеру секілді спорт түрлерінен білегі қарулы, қимылы қарымды жігіттер өзара сайысқа түсті. Жүзден жүйрек, мыңнан тұлпар шыққан дарабоздар түрлі сыйлықтармен марапатталып, көпшілік алдында құрметке ие болды.

Міне жүректерді жылытқан қасиетті Рамазанды көпшілік осылай шығарып салды. Ендеше барша мұсылман қауымын тағы бір мәрте меркемен құттықтап, Алланың разылығы үшін жасаған амал-құлшылықтарың қабыл болсын, келесі Рамазанға төрт көзіміз түгел жетейік деп тілек білдіреміз!

*Қайырымдылық*

# БІРІГЕ АТҚАРҒАН ІСТЕ БЕРЕКЕ БАР



«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» деген даналы сөз бар.

Өйткені, қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу әрбір адамның азаматтық парызы. Мұндай ізгі істерден Компаниямыз қашанда шет қалмақ емес. Өткен аптада ұлының шыбын жаны үшін шырылдап жүрген жерлесіміз Самат - 21-жастағы Дәулет Нұрмаханға көмек сұрай келген болатын. 2010 жылы тіс дәрігеріне қаралу кезінде гепатиттің ауыр түрін жұқтырып алып, нәтижесінде ол бауыр циррозы деген ауыр науқасқа шалдығады. Жеті жылдан бері Алматы мен Астананың ауруханалары мен емдеу мекемелерінің табалдырығын тоздырып, өмірі үшін күресіп келеді. Дәулеттің әкесі – Самат екі баланы жалғыз асырап отыр. Жұбайы бірнеше жылдар бұрын қайтыс болған. Ұлының емі үшін барлық дүние-мүлкін сатып жіберсе де, бұл ақша жеткіліксіз. Осы жағдайлардан хабардар болғасын Компания қызметкерлері арасында материалдық көмек көрсету туралы үндеу жариялаған едік.

Аз ғана уақыт ішінде бірлігі берік, ынтымағы жарасқан ұжымымыздың арқасында қолма-қол 566 100 теңге жиналып, ол қаражат баланың әкесі – Саматқа тапсырылды.

- Қасиетті Рамазан айында жасаған жақсылықтарыңыз сауап болып жазылсын, барлықтарыңызға отбасымыздың атынан үлкен алғыс білдіремін. Басына түскен қиындыққа мойымай, ұлым 5 уақыт намазға жығылған да болатын. Бірінші Алла, содан кейін көңілі көл-көсір халқымның пейілінен ота жасау үшін қажет сома екі апта ішінде жиналды. Жан-жақтан келіп жатқан ақшалай көмек пен дертімізге дауа тілеген ақжарма тілектер легі де толассыз қоңыраулар арқылы ағылуда. Дәл қазіргі уақытта Дәулет анализдер тапсырып, қажетті тексерулерден өтуде, барлық процедуралардан өткен соң, бауыр ауыстыру отасы жасалады. Жұртыма, жерлестеріме мың да бір алғыс! - деді Самат ағамыз көзінің жасын жасыра алмай. Бұл қуаныштың көз жасы болатын.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, Дәулеттің айығып кетуін шын тілеп, қаражаттың жиналуына атсалысқан әріптестерімізге біз де алғысымызды білдіреміз. Қасиетті айдың берекесі мейірімділік көрсетумен және ізгі амалдар жасаумен арта түспек. Олай болса, жақсылық жасауда жарысайық!

***А. Ақшаева***



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова, А.Ақшаева, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-424, 212-601 212-603, 212-606
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

"ATIS" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500